



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті
Төрағасының 2020 жылғы
«12» сәуірі № 271
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, қоғамның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайтын құрылтай құжаты болып табылады.

2. Қоғам «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысына сәйкес құрылған.

3. Қоғамның атауы: толық:

1) мемлекеттік тілде - «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде - Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»;

3) ағылшын тілінде: - Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»;

қысқартылған:

1) мемлекеттік тілде - «Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ» КеАҚ;

2) орыс тілінде - НАО «ЕНУ им. Л.Н. Гумилева»;

3) ағылшын тілінде - NJC «L.N.Gumilyov ENU».

4. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010008, Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Қаныш Сәтпаев көшесі, 2.

5. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

6. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады.

7. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін 100% иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Жалғыз акционер) болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының (Жалғыз акционердің) құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер дербес қабылдайды, олар бойынша шешім Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданады.

8. Қоғам өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс алуды көздемейтін

және алынған таза табысты Қоғамның Жалғыз акционерінің пайдасына бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қоғам коммерциялық ұйым болып қайта құрыла алмайды.

9. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат табу мақсатында акциялар шығарады, одан түскен табыстар тек қана қоғамды дамытуға және оның қызметкерлері мен білім алушыларына қажетті жағдайлар жасауға пайдаланылады.

Қоғам акциялар бойынша дивидендтер төлемейді, артықшылықты акцияларды, туынды және айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асырмайды.

10. Қоғам өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын өздігінен дербес белгілейді.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

11. Қоғам білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның арақатынасын, оқуға қабылдау тәртібін, оқу жүктемесінің жеке нормалары мен нормативтерін пайдалануды, оқу, ғылыми, ғылыми-техникалық, кәсіпкерлік, өндірістік-шаруашылық, инновациялық және әдістемелік қызметті, еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерлерін дербес айқындайтын өз бетінше әзірленген білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының мәртебесіне ие.

12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

13. Қоғамның мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өзінің атауы көрсетілген мөрі, мөртаңбалары, өз атауы жазылған бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

14. Қоғамның өз тауар таңбасы және өзге де айырым нысандары болуы мүмкін, олардың үлгілерін Қоғамның Атқарушы органы бекітеді және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

15. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы (бұдан әрі - Заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы, «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

16. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

Филиалдар мен өкілдіктер Қоғамның басқару органы (Директорлар кеңесі) бекітетін ережелердің негізінде әрекет етеді.

17. Қоғам осы Жарғыда белгіленген мақсаттарға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

18. Қоғам саяси қызметтің кез келген түрі мен нысандарынан тартынады және саяси партиялар мен діни бірлестіктердің өз қызметіне араласуына жол бермейді. Қоғамда саяси партиялардың идеяларын, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстарды насихаттауға, олардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

3. Қоғамның құрылтай құжаттары

19. Осы Жарғы қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

20. Барлық мүдделі заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның Жарғысымен танысуға құқылы.

4. Қоғам қызметінің мақсаты, мәні және түрлері

21. Қоғам қызметінің мақсаты ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу, оқу және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Қоғамның білім беру процесінің мақсаты халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жоғары сапалы оқыту болып табылады.

Оқыту мынадай сатылар бойынша жүзеге асырылады:

жалпы орта білім: мектеп;

техникалық және кәсіптік білім: колледж;

жоғары білім: бакалавриат;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім: магистратура, докторантура;

қосымша білім беру, оның ішінде ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Білім беру қызметі оқытудың мынадай оқу түрлері бойынша: күндізгі, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологияларын, дуальды оқыту нысанын және экстернатты пайдалана отырып жүзеге асырылады.

22. Қоғамдағы білім беру үдерісі мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа да тілдерде жүзеге асырылады.

23. Қоғам қызметінің мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

24. Қоғам қызметінің негізгі түрлері болып мыналар табылады;

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру

бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызмет, ғылыми-зерттеу жұмыстары;

2) білім алушыларды тамақпен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

3) қызметкерлерді тамақпен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) спорттық және мәдени-бұқаралық іс - шараларды ұйымдастыру мен өткізу;

6) дене шынықтыру-сауықтыру іс - шараларын ұйымдастыру мен өткізу, спорттық және шығармашылық секциялар құру;

7) білім беру процесін, зерттеулерді, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызмет;

8) халықаралық және республикалық деңгейде түрлі іс-шаралар: білім алушылар мен педагогикалық қызметкерлер арасында олимпиадалар, жарыстар, конкурстар, конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және оларға қатысу;

9) білім алушыларды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметке даярлау;

10) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

11) технополистерді, технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу орталықтарын, жобалау конструкторлық бюроларды және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру;

12) білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, сынақтан өткізуге және енгізуге қатысу;

13) білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивтік білім беру ресурстарын және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту;

14) білім мен ғылымды өндіріспен интеграциялауға қатысу;

15) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымдары мен шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыру, қаржыландыру, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу;

16) жеке меншік мүлікті жалға беру және басқару.

25. Егер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензиясы) қажет болған жағдайда, Қоғам осы қызмет түрлерін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия) алғаннан кейін ғана жүзеге асырады .

5. Қоғамның құқығы

26. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын анықтауға;

3) профессорлар-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстар тағайындау қағидаларын әзірлеуге және бекітуге;

4) білім беру қызметтерін көрсету шартының және кәсіптік практиканы өткізу шартының нысандарын әзірлеуге және бекітуге;

5) өз бетінше әзірленген оқу жүктемесінің нормалары, еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерлері негізінде білім беру қызметін жүзеге асыруға;

6) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларын әзірлеуге және бекітуге;

7) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту бағдарламасын әзірлеуге;

8) білім алушыларға "бакалавр" және "магистр" дәрежелерін беруге;

9) кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және практика базасы ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын әзірлеуге және бекітуге;

10) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын әзірлеуге және бекітуге;

11) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы, әскери қызметке шақыру туралы күн тәртібі, бала туу, үш жасқа толғанға дейін бала асырап алу негізінде білім алушыларға академиялық демалыс беруге;

12) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеуге және бекітуге;

13) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге;

14) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясын және қашықтықтан білім беру технологияларын енгізуге;

15) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз етуге;

17) қаржы-шаруашылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етуге, оның ішінде керекті жабдықтармен жарақтандыруға;

18) кадрларды кәсіби даярлауда қазіргі заманғы нысандарды енгізуге;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептерді ұсынуға құқылы.

27. Сондай-ақ Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының эндаумент-қорын құруға;

2) бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен ғылыми-білім беру қызметі бойынша заңды тұлғалар құруға;

3) стартап-компанияларды ашуға;

4) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржы және материалдық қаражат көздерін тартуға;

5) шет мемлекеттерде филиалдар құруға құқылы.

Ерекше мәртебеге ие қоғам сондай-ақ:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес талаптардан ауытқымай, дербес анықтауға;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге құқылы.

6. Қоғамның мүлкі

28. Қоғамның мүлкі оның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығында тиесілі.

29. Қоғамның мүлкі мыналардың:

1) Жалғыз акционер Қоғам акцияларын төлеуге берген мүліктің;

2) өз қызметі нәтижесінде алынған кірістің;

3) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Қоғамның білім беру қызметін қаржыландырудың;

4) базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша қоғамның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметін қаржыландырудың;

5) жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде эндаумент-қорлардың қайырымдылық жарналарының есебінен қалыптасады.

30. Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған табыстар тек қана қоғамды дамытуға және оның қызметкерлері мен білім алушыларына қажетті жағдайлар жасауға пайдаланылады.

31. Қоғамның мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беру қызметін қаржыландыруды заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жыл сайын бір білім алушыға шаққанда белгіленетін норматив негізінде жүзеге асырады.

32. Базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша Қоғамның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметін қаржыландыруды тиісті саланың уәкілетті органы жыл сайын белгіленетін норматив негізінде жүзеге асырады.

33. Қоғам қолданыстағы заңдарда көзделген тәртіппен банктік кредиттер алуға құқылы.

7. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

34. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның Жалғыз акционері мен Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

3) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

5) аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дауласуға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және Қоғамға сауал түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;

8) Қоғам таратылатын болса мүліктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;

35. Жалғыз акционердің заңнамада және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

36. Қоғамның жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның осы Жарғысында көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он күннің ішінде орталық депозитарийге және осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

8. Қоғамның, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың жауапкершілігі

37. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

38. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Жалғыз акционер қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

39. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауапты емес.

40. Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Қоғам мен Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

41. Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, мүліктің сақталуына және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

9. Қоғамның акциялары

42. Қоғам тек жай акциялар шығарады.

43. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

44. Қоғамдағы акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде саны туралы шешімдерді және Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының саны шегінде орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасын Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

45. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен ақы төлеу бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

46. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды тәуелсіз тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

47. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен айқындалады.

48. Қоғам өз акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркелгеннен кейін ғана орналастырады.

49. Жай акция Жалғыз акционерге Заңға сәйкес оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғам таратылған кезде оның мүлкін алуға құқық береді.

10. Қоғамның жарғылық капиталы

50. Жарғылық капитал Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін құрылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам құрылтайшысының акцияларды төлеуі арқылы қалыптастырылады.

51. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін.

11. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тәртібі

52. Тегін білім беру қызметтерін көрсетумен қатар Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларда ақылы қызметтер көрсетеді.

Ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты Қоғам мен білім алушының, оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары білім деңгейін, оқу мерзімдерін немесе академиялық кредиттерді жинақтауды, оқу ақысының мөлшерін, өзге де талаптарды айқындайтын шартпен реттеледі.

12. Білім беру процесін ұйымдастыру

53. Білім берудің көп деңгейлі құрылымында Қоғам білім берудің мынадай деңгейлерінің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады: негізгі орта және жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, қосымша білім беру, бейресми білім беру.

54. Қоғамда мамандарды даярлау мерзімдері мен деңгейі бойынша әртүрлі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары іске асырылуы мүмкін.

55. Қоғам білім беру бағдарламаларын тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес іске асырады.

56. Қоғам білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ орыс тілі мен білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес шет тілдерінің бірін оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

57. Оқу үдерісін ұйымдастырудың барлық мәселелері білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі.

58. Қоғам жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысандарын, тәртібін және кезеңділігін таңдауда дербестік таныта алады.

59. Қоғамда білім алушыларды қорытынды аттестаттау олардың тиісті білім деңгейін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі, оның нәтижелері бойынша білім туралы құжат беріледі.

13. Таза табысты бөлу

60. Қоғамның коммерциялық емес білім беру ұйымы ретіндегі таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін және жалғыз акционер қоғамның есепті жылдағы жылдық қаржылық есептілігін белгіленген тәртіппен бекіткеннен кейін) қоғамның иелігінде қалады.

61. Таза табыс қоғамның дамуына және Жалғыз акционердің шешімімен көзделген қызметкерлер мен білім алушылар үшін қажетті жағдайлар жасауға ғана жіберіледі.

62. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге және төлеуге жол берілмейді.

14. Қоғам органдары

63. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма (Ректорат);
- 4) алқалы орган - Ғылыми кеңес;
- 5) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

15. Қоғамның жалғыз акционері

64. Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

65. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Республикалық комиссияның ұсынысы негізінде Басқарма төрағасы – Қоғам ректоры өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, өкілеттік мерзімін анықтау, сайлау (тағайындау);
- 2) Басқарма төрағасын – Қоғам ректорын тәртіптік жауапкершілікке тарту;
- 3) Басқарма мүшесін академиялық мәселелер бойынша тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені қарау;
- 4) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 5) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі негізінде Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 7) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

12) Басқарма төрағасымен - Қоғам ректорымен еңбек шартын жасасу;

13) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

14) Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған кейбір мәселелер бойынша шешім «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қабылданады.

15) шешімдер қабылдау Заңмен және Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер;

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Директорлар кеңесі және/немесе атқарушы орган жүзеге асырады.

66. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

67. Заңға сәйкес Қоғам акционерлерінің (Жалғыз акционердің) жылдық жалпы жиналысында қаралуы тиіс мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығаруға Директорлар Кеңесі бастамашылық етеді.

68. Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын, Заңмен акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар мыналарды:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін;

2) өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық есепті;

3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныстарын;

4) Жалғыз акционердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштерін қарау қорытындыларын;

5) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттарды қамтуы тиіс.

69. Егер Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Жалғыз акционер қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

16. Қоғамның Директорлар кеңесі

70. Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

71. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олар туралы ережелерді бекіту;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;
- 7) Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры лауазымына үміткер тұлғалардың тізімін қарастыру, қалыптастыру және оны Республикалық комиссияның қарауына жіберу;
- 8) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін анықтау және Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры және академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда), сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту;
- 9) Басқарма төрағасының – Ректордың, Қоғам Басқармасы мүшелерінің және бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) Қоғамның ішкі құжаттарының жіктеуішін бекіту;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын басқа тұлғалардың сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

19) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) ірі мәмілелерді және жасалуына ірі мәмілелерді қоспағанда Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау, оларды жасасу туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері Заңға сәйкес қабылдайды.

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мерзімге Қоғамның даму жоспарын және Қоғамның атқарушы органы дайындаған және ұсынған даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту;

22) Қоғамның әкімшілік шығындарына, оның ішінде еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі бойынша мониторинг жүргізу және бақылауды ұйымдастыру;

23) профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерді лауазымдарға конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту;

24) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларын бекіту;

25) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін ақы төлеу мөлшерлерін бекіту;

26) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысанын және оларды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту;

27) академиялық құрылымдық бөлімшелерді құру және тарату туралы шешімдерді қабылдау;

28) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының эндаумент-қорын құру туралы шешім қабылдау;

29) шет мемлекеттерде қоғамның филиалдарын құру туралы шешім қабылдау;

30) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын, Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де мәселелер.

72. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға,

сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

73. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Басқарма төрағасынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

74. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы тиісті құзыреттеріне, жалғыз акционер мен Қоғам мүддесінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және міндеттерін орындау үшін қажетті іскерлік және/немесе салалық ортадағы білімге, біліктілікке және оң жетістіктерге ие болуы тиіс. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері заң талаптарына сәйкес келуі тиіс.

75. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығыстарын, оның ішінде қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауы және мүмкіндігінше жоюы;

2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

76. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдайды, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

77. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

78. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

79. Директорлар Кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет шақырылады.

80. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің Төрағасы:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады, хаттамаға қол қояды;

3) заңнамаға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

81. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша не:

1) Жалғыз акционердің;

2) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

82. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

83. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

84. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

85. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

86. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

87. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

88. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыса алмайтын немесе бейне-конференц байланыс арқылы күн тәртібі бойынша қатысып, дауыс бере алмайтын жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бере алады.

89. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Басқармасын оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы жөнінде алдын ала хабардар етуге міндетті.

90. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесінің жоқ мүшелері (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде) ескеріле отырып айқындалуы мүмкін.

91. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны алдыңғы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені шығаруға міндетті.

92. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

93. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

94. Жасалуына Қоғам қызығушылық білдіретін ірі мәмілелерді жасау туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер осындай мәмілені жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы

санының жартысынан кемін құраса, оны жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

95. Қоғамның нәтижесінде құны Қоғамға активтерінің құнының 25% - ынан (жиырма бес пайызынан) асатын мүлікті Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені жасауы қажет болған жағдайда Жалғыз акционерге алдын ала келісу үшін Директорлар кеңесі барлық қажетті құжаттарды міндетті түрде жібереді.

96. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ал ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – Ректоратқа) жазбаша нысанда беріледі және онда дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнді тұжырымдалған мәселе (мәселелер) болуға тиіс.

Қоғам қызметінің аса маңызды, түйінді, стратегиялық мәселелері бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қарауға және қабылдауға жол берілмейді.

97. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалуға және оған төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы қол қоюға тиіс және ол отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде:

1) атқарушы органның толық атауы мен орналасқан жерін қамтуы тиіс.

Қоғам;

2) отырысты өткізу күні, уақыты мен орнын;

3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтерді;

4) отырыстың күн тәртібін;

5) дауыс беруге қойылған мәселелерді және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын;

6) қабылданған шешімдерді;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

98. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) Қоғамның мұрағатында сақталады.

99. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге

және / немесе оған қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және қоғам мөрінің бедерімен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті.

100. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

101. Жалғыз акционер, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

102. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесінің ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесі айқындайтын қызмет бағыттары бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесі тиісті бейінді Комитеттің отырысында алдын ала қаралмай-ақ қарастырылмауы мүмкін мәселелердің тізбесі айқындалады.

Директорлар кеңесі шешімінің жобасы бейінді комитеттің оң қорытындысын алмаған жағдайда, мұндай шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының білікті көпшілігімен ғана қабылдануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Директорлар кеңесінің комитеті туралы ережеде белгіленеді.

17. Қоғам Басқармасы

103. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның атқарушы органы – Басқарма (Ректорат) жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры басқарады.

104. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат санын әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

2) Директорлар кеңесі бекіткен штат санын ескере отырып, Қоғамның штат кестесін бекітеді;

3) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

4) Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғамның

қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

5) Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

6) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

7) Қоғамға тиесілі барлық активтердің он процентін құрайтын сомада активтердің бір бөлігі мен бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешімдер қабылдайды;

8) ғылыми кеңестің шешімі негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын бекіту;

9) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келетін талаптардан төмен емес дербес айқындау.

105. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

106. Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауы және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалануы тиіс.

107. Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ еңбек шартымен айқындалады. Басқарма төрағасымен – Қоғам ректорымен еңбек шартына Қоғам атынан Жалғыз акционер қол қояды. Басқарма мүшелерімен еңбек шартына Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма төрағасы-Қоғам ректоры қол қояды.

108. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

109. Басқарма отырыстары айына кемінде бір рет шақырылады.

110. Басқарма шешімдері қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасы – Қоғам ректоры дауыс берген шешім қабылданады. Басқарма отырысы, егер оған Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 қатысса, жарамды деп есептеледі.

18. Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры

111. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры жүзеге асырады

112. Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, қолданыстағы заңнамамен және

Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

113. Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам қызметкерлерімен және Қоғамның Ішкі аудит қызметімен, Кооперативтік хатшымен еңбек және басқа да шарттарды Қоғам атынан жасайды, өзгертеді және бұзады.

5) Қоғамның атқарушы органының, Корпоративтік хатшысының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

6) филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын тағайындайды, сондай-ақ оларды атқаратын қызметтерінен босатады;

7) Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының, дербес үстемеақылардың және жалақыларына қосымша ақының мөлшерін және материалдық көмек көрсету тәртібін белгілейді, Қоғамның атқарушы органының, Корпоративтік хатшысының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

8) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;

9) атқарушы орган мүшелері арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

10) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

11) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Жалғыз акционер алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапты болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;

14) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

15) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, Қоғамның филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерді қоспағанда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

16) Басқарма отырыстарын шақырады және қарауға қажетті материалдарды ұсынады;

17) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекітеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Қоғам жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

19) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауап береді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шартына сәйкес қызметтік және өзге құпия болып табылатын мәліметтерді таратпауға, Қоғам жүргізетін ақпараттық қауіпсіздік саясат үшін дербес жауапты болады;

21) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

22) атқарылған жұмыс туралы халық алдында есеп беру кездесулерін өткізеді;

23) жыл сайын стратегиялық жоспар және даму жоспары бойынша басқару органдарының алдында есеп береді, сондай-ақ оқу жылы аяқталғаннан кейін жұртшылықпен, оның ішінде ата-аналармен, білім алушылармен, жұмыс берушілермен, ғылыми-педагогикалық жұртшылық және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен білім беру, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметі мәселелері бойынша, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсау, бюджеттен тыс қаражатты тарту мен жұмсау және қаржы-шаруашылық қызмет бойынша есеп беру кездесулерін өткізеді;

24) Ұлттық білім беру деректер базасымен интеграцияланған білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасы), Интернетке кең жолақты және жоғары жылдамдықты қол жетімділігі бар тармақталған компьютерлік желінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

25) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарының толықтығына, дұрыстығына және уақтылы толтырылуына жауапты болады.

19. Қоғамның лауазымды тұлғалары

114. Қоғамның Директорлар кеңесінің және атқарушы органның мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

Атқарушы органның мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді Қоғамның мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып адал орындайды;

2) Қоғам мүлкін жеке мақсатта пайдаланбауға немесе оның осы Жарғыға және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланылуына жол бермеуге тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, қаржылық есептіліктің бухгалтерлік есебі жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның

қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды;

5) Егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамда жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтайды.

115. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес хабардарлық, ашықтық негізде Қоғам мүддесінде әрекет етеді;

2) корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір шығарады;

116. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

- әрқашан өз өкілеттілігі шеңберінде әрекет етуі және осындай өкілеттіктерді тек олар үшін берілген мақсаттарда ғана пайдалануы тиіс;

- акционерлік қоғаммен және акционерлермен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіс.

- олардың акционерлік қоғамды басқарудағы рөліне байланысты ұсынылатын үшінші тұлғалардан материалдық құндылықтарды немесе кез келген басқа игіліктерді қабылдамауы тиіс;

- өз өкілеттігі мен функцияларын адал және тиісті мұқият орындауға міндетті.

20. Ғылыми кеңес

117. Ғылыми кеңес-сайланбалы алқалы орган.

118. Осы Жарғымен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қоғам органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау кезінде осы мәселелер бойынша қабылданған шешімдер ұсынымдық болып есептеледі.

119. Ғылыми кеңестің өкілеттік мерзімі - 3 жыл.

Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік ережелерін, Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

120. Ғылыми кеңесті Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры басқарады.

121. Ғылыми кеңестің дербес құрамы Басқарма Төрағасының – Қоғам ректорының бұйрығымен бекітіледі.

122. Өз құзыреті шегінде Ғылыми кеңес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша мәселелерді қарастыру және шешім қабылдау;

2) оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарастыру;

3) профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарастыру;

4) ішкі тәртіп ережелерін қарау және бекіту;

5) оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

6) университеттің стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыруға байланысты мәселелерді қарастыру;

7) университеттің әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру және шешімін қабылдау;

8) өткен оқу жылындағы университет қызметінің қорытындысын шығару;

9) Қоғамның оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы туралы есептерді мерзімді қарастыру;

10) Қоғам құрамына кіретін басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;

11) Қоғам басқармасының бекітуі үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын қарастыру;

12) Қоғам қызметімен байланысты және алқалық шешімді талап ететін басқа да мәселелерді қарастыру.

123. Ғылыми кеңестің отырысы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет өткізіледі.

Қажеттілікке қарай Ғылыми кеңестің отырысы жоспардан тыс өткізіледі.

124. Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау, тәжірибені қорыту және кеңес жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін оның мүшелері қатарынан Басқарма төрағасының - Қоғам ректорының бұйрығымен 3 жыл мерзімге ғалым хатшы тағайындалады.

125. Ғылыми кеңестің отырыстарына материалдарды уақтылы және сапалы дайындау және Ғылыми кеңестің іс қағаздарын жүргізу жауапкершілігі ғылыми хатшыға жүктеледі.

21. Қоғамның ішкі аудит қызметі

126. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

127. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

128. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Қоғамның ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, құқықтары, жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

Қоғам мен ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, осы Жарғымен, Ішкі аудит қызметі туралы ережемен және еңбек шарттарымен реттеледі.

129. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады.

130. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметін, Қоғамның атқарушы органы мен құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-қимылдарын бақылауды жүзеге асыратын Қоғам органы болып табылады. Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

131. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша қорытындылар дайындайды.

132. Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы тағайындау тәртібін, оның мөлшері мен төлеу және сыйлықақы беру талаптарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

22. Қаржылық есептілік

133. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

134. Жылдық қаржылық есептілік бухгалтерлік балансты, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

135. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ белгіленген талаптарға сәйкес акционер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

136. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Жалғыз акционердің қарауына шығарылған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

137. Қоғам жыл сайын Қоғам қызметіне аудит жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ол аудиторлық ұйымды өзі дербес айқындауға құқылы.

Жалғыз акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер қоғамның атқарушы органы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

138. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

139. Басқарма төрағасы - Қоғам ректоры жыл сайын белгіленген мерзімде Директорлар кеңесіне Қоғамның бес жылға арналған даму жоспарын ұсынады, бұл ретте бірінші жоспарлы кезең толық жазылған (ашып кеңейтілген) түрде, қалған жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдар бойынша бөле отырып ұсынылады.

140. Қоғам қызметінің мақсаттары мен нәтижелерінің көрсеткіші Жалғыз акционердің бекітілген Стратегиялық жоспары негізінде әзірленеді және бекітіледі.

141. Қазақстан Республикасының заңнамасында Қоғамның қаржылық есептілігін жариялау тәртібі мен нысандарына қойылатын қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

23. Қоғамның ақпаратты жария етуі

142. Қоғам Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

Жалғыз акционерге ақпарат берілетін қоғамның бұқаралық ақпарат құралымен жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептілік жарияланады, ол Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсы болып табылады.

143. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам Жалғыз акционерге Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

144. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жасайды. Қоғам Жалғыз акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

145. Қоғам Жалғыз акционердің назарына Қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес олар туралы ақпарат Жалғыз акционердің назарына жеткізілуі тиіс мәселелердің тізбесі бойынша Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялар шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасауы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

6) Қоғамның қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғам бұрын алған лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату;

7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Қоғам мүлкіне тыйым салу;

9) баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкін жоюға әкеп соққан төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

10) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

12) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) осы Жарғыға, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

14) Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

146. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар Қоғамның орналасқан жері бойынша оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақталуға тиіс.

147. Мынадай құжаттар сақтауға жатады:

1) Қоғамның Жарғысы, Қоғамның Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Жалғыз акционердің шешімдері және олар бойынша материалдар;

3) Жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

4) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (анықтама) ;

5) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға арналған лицензиялары;

6) Қоғамның өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

7) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

8) Қоғамның бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді бекіту;

9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

10) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай

отырыстарының шешімдері) және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), материалдар, бірақ Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер;

11) Басқарма төрағасының - Қоғам ректорының бұйрықтары;

12) болған жағдайда корпоративтік басқару кодексі.

Өзге құжаттар, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

24. Қоғамда білім алушыларды қабылдау және шығару тәртібі

148. Қоғам азаматтарды Қоғамға оқуға қабылдауды және тіркеуді білім беру саласындағы тиісті саланың уәкілетті органының нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін жағдайларда дербес жүзеге асырады.

149. Қоғамға оқуға орта білімі (жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік білімі), орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар ҚР заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен Қоғамға оқуға қабылданады.

150. Білім алушыны қабылдау кезінде Қоғам танысу үшін оған және (немесе) оның ата-аналарына (немесе өзге де заңды өкілдеріне) Қоғамның Жарғысын, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияларды және қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттарды ұсынады.

151. Қоғамға түсетін құжаттарды қабылдауды және азаматтарды оқуға қабылдауды ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

152. Қабылдау комиссиясының негізгі міндеті оқытудың барлық түрінің білім алушыларының контингентін қалыптастыру болып табылады.

153. Қоғам білім беру саласындағы тиісті саланың уәкілетті органына білім алушыларды қабылдау барысы туралы ақпаратты және білім беру саласындағы тиісті саланың уәкілетті органы белгілеген нысандар мен мерзімдерде қабылдау туралы қорытынды есептілікті ұсынады.

154. Қоғам мен білім алушының, оның ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынасы білім беру қызметтерін көрсету шартымен реттеледі.

155. Білім алушылар мынадай негіздер бойынша:

1) өз еркі бойынша;

2) қайтыс болуына байланысты;

3) оқуды жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;

4) мемлекеттік қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алу, сондай-ақ академиялық үлгермеушілік;

5) корпоративтік этика кодексін, Жарғыны және Ішкі тәртіп ережелерін

бұзғаны үшін;

6) білім алушы бас бостандығынан айыруға немесе оқуды жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын өзге де жазаға сотталған сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда;

7) оқыту шартында көзделген талаптарды бұзғаны үшін;

8) академиялық демалыстан шықпауына байланысты;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша Қоғамнан шығарылуы мүмкін.

156. Білім алушыларды оқудан шығару құрылымдық бөлімше басшысының (факультет деканының (колледж директорының) ұсынысы бойынша Қоғам ректорының бұйрығымен жүргізіледі.

25. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

157. Қоғамдағы қызметкерлер мен білім алушылардың құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңнамамен, осы Жарғымен және Ішкі тәртіп ережелерімен айқындалады.

158. Қоғам білім алушылармен тараптардың құқықтары мен міндеттері айтылған оқыту шартын жасасуға міндетті.

159. Қоғамда білім алушылар:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;

3) ЭПК-ға сәйкес баламалы курстарды (элективті пәндер каталогы) таңдауға;

4) ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға;

5) Қоғамды басқаруға қатысуға;

6) қайта қабылдау және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқытудың бір нысанынан басқасына ауыстыруға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес академиялық демалысқа;

8) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен қоса атқаруға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

10) өзінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге;

11) өз пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;

12) Қоғамда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

13) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы және компьютерлік сыныптарды тегін пайдалануға;

14) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

16) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруге;

17) белгіленген тәртіппен жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етілуге құқылы.

160. Қоғамда білім алушылар:

1) таңдаған мамандығы бойынша теориялық білімді, практикалық дағдыларды және қазіргі заманғы зерттеу әдістерін меңгеруге;

2) оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын белгіленген мерзімде орындауға;

3) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;

4) Осы Жарғының, Қоғамның ішкі тәртіп ережелерінің және оқыту шартының талаптарын сақтауға міндетті.

161. Міндеттерін орындамағаны үшін білім алушыларға Қоғам білім алушыларының қатарынан шығарылуына дейін тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

162. Қоғам мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған күндізгі оқу нысаны түлектерінің жұмысқа орналасуына ықпал етеді.

163. Қоғам заңды тұлғалармен шарттар негізінде дайындаған түлектер шарт (келісімшарт) талаптарына сәйкес жұмысқа жіберіледі.

164. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ сабақ режимі Шарт талаптарымен және (немесе) Қоғамның ішкі тәртіп ережелерімен регламенттелуі мүмкін.

165. Қоғамның профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлері:

1) кәсіби қызмет үшін жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын сақтаған жағдайда педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз біліктілігін арттыруға;

4) Қоғамды басқарудың алқалық органдарының жұмысына қатысуға;

5) педагогикалық қызметтегі жеңістері үшін материалдық және моральдық көтермелеуге, ордендермен және медальдармен, құрмет атақтарымен, белгілермен және грамоталармен марапатталуға;

6) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

7) Қоғамның атқарушы органының бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға құқылы.

166. Қоғамның профессор-оқытушылар және ғылыми құрамы:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық

білім мен оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың зерттеу мәдениетін, ғылыми-практикалық дағдыларын, кәсіби құзыреттіліктерін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруге;

6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогикалық этика нормаларын сақтауға;

8) білім алушылар мен олардың ата-аналарының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

167. Әкімшілік-қызмет көрсету, өндірістік және қосалқы персоналдың құқықтары мен міндеттері Ішкі тәртіп ережелерімен және лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

168. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты Қоғамда ақпарат алуға құқығы бар.

26. Білімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі

169. Білімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандары мен тәртібін Қоғам білім беру саласындағы тиісті саланың уәкілетті органының нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін жағдайларда дербес айқындайды

27. Ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру

170. Қоғам мамандарды даярлау бағыттарының жіктеуіші бойынша қайта даярлауды жүзеге асырады, ол белгіленген тәртіппен түзетілуі мүмкін.

171. Ғылыми-педагог кадрлар мен мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ғылыми-педагог кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыруды немесе қайта даярлауды жүзеге асыратын ұйымдарда, сондай-ақ басқа жоғары оқу орындары мен озық ғылыми-білім беру орталықтарына біліктілігін арттыруға және тағылымдамаға жіберу жолымен жүзеге асырылады.

172. Ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандарды қайта даярлау, біліктілігін арттыру мемлекеттік тапсырыс бойынша да, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен шарт негізінде де жүзеге асырылады.

28. Ғылыми қызмет

173. Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды (қызметтерді) орындау ғылыми-зерттеу институттарында, орталықтарда, зертханаларда, кафедралардың ғылыми топтарында жүргізіледі. Құрылымдық ғылыми бөлімшелер бекітілген жоспарларға немесе жасалған шарттарға сәйкес зерттеулердің сапасы мен орындалу мерзімдерінің сақталуы үшін жауапты болады.

Қоғам жеке және заңды тұлғаларды ғылыми, ғылыми-техникалық, енгізу және тәжірибелік-өндірістік жұмыстарды орындау үшін шарттық негізде тартады.

174. Ғылыми қызметтің маңызды міндеттері:

- жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық, техникалық және педагогикалық ғылымдар мәселелері бойынша іргелі зерттеулер жүргізу;
- нарықтық экономиканы дамытудың өзекті міндеттерін шешу бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу;
- ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және одан әрі дамыту;
- маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мақсатында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін іске асыруды жеделдету;
- білім беруді дамыту мен жетілдірудің маңызды ғылыми проблемаларын әзірлеуге қатысу;
- ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға қатысу, Қоғамның профессор-оқытушылар құрамы біліктілігінің өсуіне ықпал ету;
- оқу үрдісінде ғылыми зерттеу нәтижелерін белсенді қолдану арқылы мамандарды дайындауға қатысу;
- студенттерді, магистранттарды, докторанттарды және Қоғамның жас ғалымдарын кәсіпкерлік істі басқаруға оқыту;
- құрылатын ғылымды қажетсінетін өнімді әлемдік нарыққа шығару мақсатында халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;
- Қоғамға шетелдік зияткерлік әлеует ағынын арттыру;
- конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер және басқа да ғылыми іс-шаралар өткізу;
- Қоғамның ғылыми қызметін ұйымдастырушылық, нормативтік-әдістемелік, ақпараттық-аналитикалық, метрологиялық және жарнамалық-көрмелік қамтамасыз ету;
- ғылыми және оқу қызметі процесінде құрылатын зияткерлік меншік объектілеріне Қоғамның мүліктік құқықтарын қорғау және құқықтық қорғау;
- Қоғамның ғылыми және ғылыми-техникалық әзірлемелерін коммерцияландыру стратегиясын іске асыру;
- Қоғамға бюджеттік және бюджеттен тыс қаржы қаражатын тарту үшін экономикалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды әзірлеу және іске асыру.

175. Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласында Қоғам:

- халықаралық кафедраларды, оқу-ғылыми орталықтар мен зертханаларды, инновациялық және ғылыми-технологиялық парктер мен кәсіпорындарды құруға қатысады;

- бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізеді;

- халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды дайындауға және орындауға қатысады;

- бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін мамандар алмасуды жүзеге асырады;

- халықаралық ғылыми конференцияларды, симпозиумдар мен семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

176. Қоғам ғылыми-техникалық өнімге деген сұранысты ескере отырып, өзінің ғылыми және ғылыми-өндірістік қызметін жоспарлайды. Қоғамның ғылыми бағыттарын Ғылыми кеңес қалыптастырады.

177. Қоғамда ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізуді және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді ғылыми-техникалық кеңес (ҒТК) жүзеге асырады, оның қызметі ҒТК туралы ережемен реттеледі.

178. Ғылыми жұмыстарды орындауға Қоғамның да, басқа да ұйымдар мен мекемелердің де профессорлық-оқытушылық құрамы, ғылыми қызметкерлері, әкімшілік-басқару, оқу-көмекші қызметкерлері, докторанттары, магистранттары, студенттері мен қатысушылары тартылуы мүмкін.

Қоғамның ғылыми қызметіне қатысушылардың қауіпсіздік шараларына жауап беретін, олардың жеке ерекшеліктеріне барынша толық сәйкес келетін және ғылыми процестің жоғары сапасын қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер жүргізудің әдістері мен құралдарын таңдауға құқығы бар.

179. Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық технологиялық жұмыстар мамандарды даярлау үшін материалдық-техникалық және зияткерлік базаны қамтамасыз ету мақсатында оқу процесімен тығыз байланыста жүргізіледі.

180. Қоғам:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін;

- ғылыми конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру үшін;

- зерттеу материалдарын жариялау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

29. Қоғамның халықаралық қызметі

181. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттар негізінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

182. Қоғам шетелдік білім беру, ғылым, мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыс орнатады, озық тәжірибені зерделеу және тарату, білім беру қызметтерінің экспортын кеңейту мақсатында ынтымақтастық туралы шарттар жасасады.

183. Қоғам шетелдік әріптестермен оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық ақпарат алмасуды жүзеге асырады, ғылыми және тәжірибелік-конструкторлық

жұмыстарды сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдем көрсетеді, білім алушылармен, педагог және ғылыми қызметкерлермен алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысады, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық қызметпен айналысады.

30. Жұмыс режимі және еңбек қарым-қатынастары

184. Қоғамның жұмыс режимі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес анықталады.

185. Қоғам еңбек шарттары, сондай-ақ Қоғаммен қарым-қатынастарды реттейтін басқа да нысандар негізінде персоналдың қажетті санын жалдауды жүзеге асыруға құқылы.

186. Қоғам қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалатын барлық әлеуметтік - экономикалық құқықтарды беруге кепілдік береді.

187. Әрбір қызметкердің еңбек табыстары жұмыстың соңғы нәтижелерін ескере отырып, оның жеке еңбек салымымен айқындалады, ең жоғары мөлшермен шектелмейді.

188. Қоғам қызметкерлерге еңбекақы төлеу нысандары мен жүйелерін дербес айқындайды.

189. Қоғамның қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік және медициналық сақтандыруға және әлеуметтік қамсыздандыруға жатады.

190. Қоғам барлық жұмыс істеушілерге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті және қызметкерге жарақат немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан келтірілген зиян үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

31. Қоғамның филиалдары (өкілдіктері)

191. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

192. Қоғам филиалдарға (өкілдіктерге) филиалдың жеке балансында және жалпы Қоғамның балансында есепке алынатын жеке мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатымен береді.

193. Филиалдардың (өкілдіктердің) қызметіне басшылық жасауды Басқарма төрағасы-Қоғам ректоры тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

194. Филиалдардың (өкілдіктердің) құрылымын, штат санын және штаттық кестесін Қоғам ректоры бекітеді.

195. Филиал қызметкерімен еңбек шартын Қоғам атынан Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалған тәртіпте филиал директоры жасасады.

196. Филиалдардың қызметкерлері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

32. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

197. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

198. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

199. Қайта ұйымдастырылған Қоғамның мүліктік құқықтары мен міндеттері жаңадан құрылған заңды тұлғаға: бірігу, қосылу және қайта құру кезінде – табыстау актісіне сәйкес, бөлу және бөліну кезінде – бөлу балансына сәйкес ауысады.

Табыстау актісі мен бөлу балансында қайта ұйымдастырылған Қоғамның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты Тараптар дауласатын міндеттемелерді қоса алғандағы барлық міндеттемелері бойынша құқықтық мираскорлық туралы ережелер болуы тиіс.

200. Қоғам таратылған кезде оның мүлкін тарату комиссиясы Заңда көзделген тәртіппен бөледі.

201. Жалғыз акционер таратылатын Қоғам білім алушыларының басқа білім беру ұйымдарында оқу жылын аяқтауы үшін шаралар қолдануға міндетті.

202. Қоғам таратылған жағдайда кредиторлармен есептескеннен кейін қалған мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша көрсетілген тұлғаға берілуі тиіс.

33. Қорытынды ережелер

203. Жалғыз акционер мен Қоғам арасындағы барлық қарым-қатынастар осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

204. Қоғамның қызметіне қатысты акционер, Директорлар кеңесінің және Атқарушы орган мүшелерінің арасындағы келіспеушіліктерді реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі.

205. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Қоғам Жарғысына өзгерістер

мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен енгізіледі.

206. Егер осы Жарғы ережелерінің біреуінің күші жойылды деп танылса, онда бұл қалған ережелердің қолданысына әсер етпейді.

207. Осы Жарғыда қарастырылмаған басқа жағдайларда, Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін басшылыққа алады.

Комитет Төрағасы



Б. Тәшенов